Қанай ауылдық округі әкімінің жанындағы қоғамдық кеңес отырысының

ХАТТАМАСЫ

Қанай ауылы **«1» сәуір 2022 ж**

Қ.Мукашев – төраға.
Ж.М. Гайсиева - хатшы
Қатысқандар: Мекеме қызметкерлері, ауыл тұрғындары.

Күн тәртібі:

1. Көктемгі су тасқыны кезінде болатын төтенше жағдайлардың алдын-алу туралы.

Е.Д.Бахиев – Қанай ауылдық округінің әкімі:

1.Биылғы жылы қар қалың түсті. Көктемгі төтенше жағдайды алдын-алу шараларын ұйымдастыру қажет. Алдымен су жүретін жүлге, канал, трубаларды қардан аршу жұмыстарын жүргізу. Ауыл тұрғындары өз меншігіндегі аумақты қардан тазалап, ағын су кедергісіз өткізу керек.

Қолда ұстайтын үй жануарлары мен құстарға су қорын жинау үшін ауыл іргесіндегі бөгет пен Қанай көлін суға толтыру мақсатында ағын суды бағыттау қажет.

Қ.Мукашев – Қоғамдық келісім кеңес- төрағасы;

2018 жылы далалық қар суынан қауіп төндірген жағдай болды.Жедел шешім қабылдаған арқасында төтенше жағдайлардың алдын алдық.Биылда қар көп алдын-ала жұмыстарды ұйымдастыру керек. Каналдарды аршу үшін арнайы техника керек. Уақытында аршылмаса күрт еріген уақытта бөгет, канал іргесіндегі тұрғын үйлерге ағын су кету қауіпі бар. Ауылдағы техникасы бар тұрғындармен немесе жақын жерде жедел көмек бере алатын тұлғалармен келісім жасайық.

Қ.Х. Куанышкалиев – Ақсақалдар кеңес төрағасы;

Ауыл іргесіндегі Бөрлі ауылындағы «Бурлинтранссервис» ЖШС (Р.А. Серазутдиновпен) келісім жасау керек деп ойлаймын. Техникалары бар, әр уақыттарда шұғыл жағдайда қол ұшын береді. Су – тілсіз жау, түнде ме, күндіз бе келетіні белгісіз. Техникалар ауыл аумағында дайын болу керек.

Шешім қабылдады.

1. Ауыл тұрғындар өз тұрғын үй аумағында су жүретін жүлгелерді тазалауды ұйымдастырсын.
2. Қауіпті орындарға бақылау жүргізілсін.

3. «Бурлинтранссервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы келісім жасауды ұйымдастыру.
4. Осы шешімді орындау ауыл әкімі Е. Бахиевке жүктелсін.

Төрағасы **Қ.Мукашев**

Хатшы **Ж.М. Гайсиева**